

2009 жылғы 27 қаңтардағы № 1 "Есенкөл ауылдық округінің елді мекендерінің құрама бөлімдер атауларын беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 қыркүйекте № 7209 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қостанай облысының әкімшілік – аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 3 және Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 161 бірлескен қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7123 болып тіркелген) сәйкес, Есенкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Есенкөл ауылдық округінің әкімінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 1 "Есенкөл ауылдық округінің елді мекендерінің құрама бөлімдер атауларын беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-96 тіркелген, 2009 жылғы 20 ақпанда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

3-тармақ алынып тасталсын,

1-тармақ келесі мазмұнда 16), 17), 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) Орман көшесі;

17) Школьная көшесі;

18) Берлинская көшесі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Есенкөл ауылдық округі әкімінің
міндетін атқарушы*

И. Уразбекова